


*Орта ғасыр
мәдениетіндегі
философия*

Орта ғасырлық батыс еуропалық философияның негізгі белгілері

- *Теоцентризм – (teo –құдай, орталықта) адамның мінез-құлқын, қоғамды анықтайтын күш – (Құдай, ол барлық әлемді, тіршілікті жаратушы).*
- *Креационизм – (лат. creation - жасау) – құдайдың әлемді жоқтан жасауы туралы діни ілім.*
- *Теодицея – (гр. theos- құдай және құқық, әділдік)- «құдайды ақтау», философияда құдайшылықты, жаратушыны мадақтау жайындағы ағым.*
- *Эсхатология – (гр. eschatos –соңғы және logos – ілім, сөз) әлем мен адамзат тағдырының ақыры туралы, ақырзаман мен тозақ туралы діни ілім.*




Ортағасырлық батысеуропалық философия – дүниетаным дамуындағы өзіндік ерекшелігі бар кезеңдердің бірі. Бұл ерекшелік философиялық ой дамуының тікелей діни-теологиялық шеңбері ішінде, христиандық діни ілімнің апологетикасы төңірегінде өрбуімен сипатталады. Ортағасырлық батысеуропалық философияның қалыптасуы мен дамуына Феликс, Тертуллиан, Ориген сияқты апологеттер, неоплатонистер және Аврелий Августин өздерінің интеллектуалдық ықпалдарын тигізді.



Рим шіркеуі Әулие Августинді (375-383) сенім мен ақылдың үйлесімділігі тұрғысынан христиандық діни ілімді негіздеуде орасан зор сіңірген еңбегі үшін «әкей» ретінде мойындаса, көптеген батыстық зерттеушілер оны «батыстық ортағасырлық мәдениеттің ұлы сәулетшісі» дейді. Аврелий Августин өзінің «Құдай қаласы туралы» еңбегінде атақты формуласын – «ұғыну үшін сенемін, сену үшін ұғынамын» формуласын негіздейді. Бұл “ақыл мен сенімнің өзара бірін-бірі толықтыру принципі” 5-15 ғасырлар аралығын қамтитын Батыс Еуропаның бүкіл ортағасырлық философиялық ойының ең негізгі дүниетанымдық кредосына айналады.



Патристика (pater-әке) деп шіркеу әкейлерінің діни философиялық ілімдерін айтады (III-VI ғғ.). Негізгі өкілдері: Климент Александрийский, Амвросий, Августин Блаженный, т.б. Мысалы, Августиннің көтерген басты мәселесі – христиан діннің артықшылығын дәлелдеу арқылы, шіркеудің жанды билеуге құқықтығы. Ол – аспан мен жер арасын байланыстырушы деген сияқты идеяларды дәлелдеу үшін манихейлік, скептицизмдік және неоплатонизм қағидаларын басшылыққа алды. Августиннің ілімі бойынша, адам дүниеге келмей тұрып тағы басқа оның іс-әрекеттері, қылықтары құдайдың ерік-жігерімен белгіленіп қойған.



*Ортағасырлық философияның **схоластика** деп аталған кезеңі Еуропа тарихында Рим империясының күйреуінен бастап Қайта өрлеу дәуіріне дейінгі 600-700 жылдай уақытты қамтиды. Бұл кезеңде егемендік алған көптеген Еуропа елдерінде (Италия, Франция, Англия, Германия, т.б.) феодалдық қарым-қатынастар қалыптасып, христиан дінін қоғамдық өмірдің барлық салаларында өктемдік ккрсетіп, шіркеудің сауаттылықтың қолжазбалар сақтау ісінің ошағына айналған мезгілі болатын. Осы жағдайда философия өзінің барлық ақыл-ой, күшін христиан догматтарын негіздеуге жұмсап, дін ілімінің күңіне айналған-ды.*

Схоластикалық философияның басталуы И.С.Эриугенның есімімен байланысты (810-877). Эриугена өзінің “Табиғаттың бөлінісі туралы” деген жұмысында әлемдік үйлесімділік туралы идеясын негіздейді. Онда құдай барлық бастаудың түпнегізі бола отырып, болмыс үдерісін өзі аяқтайды: «Құдай өзі танылмағанымен өзі жаратқан нәрселеріне біршама ашылады, ал Құдайға иланудың өзі – таңғажайып жаратылыс» (Эриугена).



Ф.Аквинский (1225-1274) өзіне дейінгі ойшылдардың универсалийлер туралы барлық идеяларын жүйелей отырып ортағасырлық схоластикалық ойлауда өзінің радикалды қадамымен ерекшеленеді. Бұл қайта пайымдаудың мәні табиғатты, адамды оның Құдайға қатынасын зерттеуге негізделеді. “Тән туралы ой жан туралы ойға, ал бұл ой Құдай туралы ойға жетелейді”, — деген Ф.Аквинскийдің кредосы аристотелизмді христиандық тұрғыда қайта пайымдаумен сипатталатын схоластикалық философия дамуындағы жаңа кезеңді білдіреді. Ол сондай-ақ креационизм идеясын да ұсынады. Ф.Аквинскийдің ілімі – христиандық діни ілім мен перипатетеизм философиясының, христиандық теология мен пайда болып келе жатқан жаратылыстанымның арасындағы ымыраға келушілік.



Ортағасырлық мұсылман философиясы. Мұсылман әлемінің ойшылдары ежелгі грек ғылымы мен философиясымен қатар, философиялық дәстүрлерді одан әрі жалғастырып, дамытқан. Ортағасырлық Батыс Еуропада христиан дінін идеологияландыру, философияны негіздеу процесі жүріп жатса, мұсылман әлемінде, әсіресе, VII – X ғасырларда философия мен ғылым өзінің гүлденген кезеңін бастан кешірді. Бұл кезеңде алгебра, психология, астрономия, химия, география, медицина, т. б. ғылым салалары қарқынды дамыды. Мұсылман әлемінің философтары мен ғалымдары Батыстың ғылымы мен философиясының қалыптасуына дүниетанымдық жағынан зор ықпалын тигізді. Батыс әлемі мұсылмандық Шығыс философиясы арқылы алғаш рет ххантикварлы мәдени мұраменьъ, сондай-ақ Шығыс мәдениетінің жетістіктерімен танысты. Ислам философиясының бастапқы негізін қалаушылар қатарында әл-Кинди мен әл-Фараби тұрды. Ортағасырлық дәуірде “арабтардың философы” атанған әл-Кинди (800 – 879ж) философ қана емес, дәрігер, математик, астроном ретінде де белгілі.



عد كثير التوحيد فليس التوحيد الشرب شديد التبعيد كثير
موت كثير الاستفهام محمدا ليرضا به بكونه حليل المشرع هينا
والمنطق لوجوده فذلك قامت بالسيم ولله ما يشاء ولا يصح



كالمعروف في كتابه
وَمَا تَبْرِكُ كِتَابًا وَخَلْفَ مِنَ النَّامِيْدِ خَلْفًا كَثِيْرًا ۝ وَكَانَ نَفْسُ
خَاتَمَهُ

gettyimages
DEA / G. DAGLI ORTI

142454413

*Құран немесе Құран
Кәрім (араб.: القرآن, al-qur'ān,
) — Ислам дініндегі негізгі
киелі кітап. Мұсылмандар
оның Мұхаммед пайғамбарға
ﷺ ақиқатты баян ету
үшін түсірілгендігіне,
адамзатқа одан үзілместен
жеткен Аллаһтың сөзі
екендігіне сеніп,
иман келтіреді. Оны оқу
(тиләуәт) арқылы Аллаһқа
құлшылық қылады*

